

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Жалаң және жайылма сөйлемдер

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.01.2018

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/26342/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Күні.	28.11.2017	Мұғалімі: Маханбетова В Б	3 «Ә» сыныбы
Тақырыбы	Жалаң және жайылма сөйлемдер	Оқушылардың іс-әрекеті	
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға жалаң және жайылма сөйлемдер туралы түсінік беру, жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге айналдыра білуге үйрету, сөйлемдегі сөздерді сөйлем мүшелеріне дұрыс талдай білуге дағдыландыру. Жай сөйлем туралы түсініктерін одан әрі дамыту, оқушылардың ой — өрісін, тіл байлығын кеңейту. Оқушыларды ұқыптылыққа, сауатты, таза жазуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.		
Түрі:	жаңа сабақты өздігінен меңгерту.		
Қолданылған технология	Сын тұрғысынан ойлау технологиясы және ойын технологиясы.		
Көрнекілік:	постер, тапсырмалар, суреттер. Интер белсенді тақтамен жұмыс		
Сабақ барысы	Мұғалімнің іс — әрекеті	Оқушылардың іс- әрекеті	Уақыты
Ұйымдастыру кезеңі.	Бір- біріне тілек білдіру	Аспанымыз ашық еліміз тыныш болсын	1 мин.
Топқа бөлу	1-топ.Кеме 2-топ. Ұшақ 3-топ.Пойыз 4-топ. Автобус Топ ережелерін оқып қайталау.	Топқа бөлініп орындарына отырады.	3 -мин
II. Үй тапсырмасын сұрау кезеңі.	Сұрақ- жауап. Сөйлем дегеніміз не? Сөйлем мүшелерін атаңдар Бастауыш дегеніміз не? Баяндауыш дегеніміз не? Тұрлаусыз мүше дегеніміз не?	Сұрақтарға жауап береді	1-мин.

Мағынаны тану	<p>✘ ✘</p> <p>Балалар сіздер не көріп тұрсындар? Жай жалаң ағаш десекте болады Не жапырағы не жемісі жоқ Ал келесі ағашымызда жайылып өскен жеміс берген жайқалып өскен. Жайылма ағаш . Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы Жалаң және жайылма сөйлем. Біздің мақсатымыз бұл сабақта сөйлемдерің жалаң және жайылма болатынын түсіну. Мына ағаш сияқты жалаң сөйлем тек бастауышпен баяндауыштан тұрады. Мысалы: Майра жеді. 2 сөзден құралып тұр қандай мүшелерден? Алмас ойнады. Бұл сөйлемдер жалаң сөйлемдер. Сонымен ережені айтатын болсақ, Бір ғана тиянақты ойды білдіретін жеке сөйлемді жалаң сөйлем деп атайды. Жайылма сөйлем дегеніміз мына ағаш сияқты жайылып тұратын дай.мысалы: Майра тәтті тоқаш жеді. Ол доппен ойнады. Жайылма сөйлем. Ережесін шығарайық ; Тұрлаулы мүшелерден басқа тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлемді жайылма сөйлем дейді. Майра тәтті тоқаш жеді. Бұнда тұрлаусыз мүше қайсы сөз? Оқушылармен бірге ережелерін қайта сұрау. Мына ағаштарды қандай сөйлем мүшелерімен теңестіріп айтуға болады екен?</p>	<p>Оқушылар өз ойын айтады.</p> <p>Жапырақтары жоқ, қыс мезгілі. Балалар түсінеді бірге қайталайды</p>	20 мин
Өзінді жұмыс	<p>Балалар дәптерлерімізді ашып бүгінгі күнді және 98 жаттығу. Балаларға сөздерді тарату талдау Күн бұлттанды. Ұшақ биікке көтерілді. Мұғалім сыныпқа кірді. Динара қуанды. Түн ұзарды. Бұл сөйлемдерде қайсы сөйлем жайылма сөйлем? -99 -жаттығуды орындаймыз.</p>	Балалар тапсырманы орындайды.	2 мин
Сергіту	<p>Егер жалаң сөйлем айтса бір қолдарыңды көтересіңдер Ал жайылма сөйлем айтса екі қолдарыңды көтересіңдер. 2-рет ойнату.</p>	Бірге дұрыс жауап беруге тырысады көңілдері көтеріледі.	1 мин
	<p>Ал енді 100- жаттығуды тақтаға орындаймыз. Бәріміз тақтаға қарайық. Жалаң сөйлемдерді бір бөлек карзинаға саламыз. Жайылма сөйлемдерді 2 карзинаға саламыз. ✘ ✘ Сөйлемдерді оқып өз ретімен салу. Жарайсындар балалар.</p>	Балалар тақтаға шығып тапсырманы орындайды. Дұрыс орындаған балаларға қол шапалақтайды.	3 мин
Топтық жұмыс	<p>Балалар алдарыңда тапсырмалар жатыр топпен жұмыс жасаймыз. Топ ережесін еске түсірейік. Тақтадан оқу. 1. Сөйкестендіру .мына сөздерді ң жалғасын тап 3. Суретпен жұмыс мына суретке қарап 2 жай сөйлем құрастыру 4. Мына суретке қарап жайылма сөйлем құрастыру Постерді қорғау. тақтаға шығып оқып беру. Топ мүшелерін мақтау. Егер тап мүшелері дұрыс жауап берсе басбармағымызды көрсетеміз. Жауабы дұрыс болмаса бармағымызды төмен қаратып көрсетеміз.</p>	<p>Топпен жұмыс жасайды топ басшысын таңдау</p> <p>Тапсырманы орындап, тақтаға шығып қорғайды</p>	3 мин
Қорытынды	<p>Балалар бүгінгі сабақта не үйрендіңдер? Жалаң сөйлем деген не екен? Жайылма сөйлем деген не? Үйге тапсырма 99-жаттығу. Ережені оқып түсіну</p>	<p>Жалаң және жайылма сөйлемні ережесін қайталайды. Күнделікке жазып алады.</p>	1 мин
Кері байланыс	<p>Бүгінгі сабақ ұнаған болса алдарыңда тұрған смайликтерді алып мына ағашқа жапсырамыз түсіндім қызықты болды десендер күліп тұрған смайликті жапсырасындар егер сабақ түсініксіз болды десендер мынандай смайликті жапсырасындар.</p>	Балалар смайликті жапсырады.	1 мин

Оқушыларға таратылған топтық тапсырмалар.

1-топ. Тапсырма: Жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге, ал жайылма сөйлемді жалаң сөйлемге айталдыру

Жалаң сөйлем	Жайылма сөйлем
Мен оқыдым	
	Олар тәтті тоқаш жеді
Құстар ұшты	
	Қоян орманда жайылып жүр

2 топ

Мына суретке қарап 3 жайылма сөйлем құрастыр

x	
x	

3 топ

Мына суретке қарап 3 жалаң сөйлем құрастыр

x	
x	
x	

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.